

**"Қарақия ауданы Болашақ ауылдық округі ауылдарының шекараларын белгілеу туралы"
бірлескен Қарақия ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 198 қаулысы
және Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/283
шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 241 бірлескен қаулысы және Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 10/106 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 қаңтарда № 26652 болып тіркелді

Қарақия ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қарақия аудандық мәслихаты
ШЕШТІ:

1. "Қарақия ауданы Болашақ ауылдық округі ауылдарының шекараларын белгілеу туралы" бірлескен Қарақия ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 198 қаулысы және Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/283 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2796 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

бірлескен қаулы мен шешімнің 1-тармағына орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді.

2. "Қарақия аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен қаулы мен шешімді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен қаулы мен шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Қарақия аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарақия ауданының әкімі

К. Беков

Қарақия аудандық мәслихатының хатшысы

Ж. Қалаубай